

С.М.Досмахов, А.Укай

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: amanka_kargu@mail.ru)*

Қарағанды облысында индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктері

Мақаланың өзектілігі еліміздегі жаңа индустриалды-инновациялық даму бағдарламаларына сәйкес Қарағанды облысындағы жаңа инновациялық өндірістердің дамуы қарастырылды. Қазіргі даму мәселелері және ірі кәсіпорындармен қатар орта және шағын бизнестегі жекелеген кәсіпорындар жайлы айтылды. Оларда өндірілетін өнім түрлерін қаржыландыру мәселесі зерттелді. Нәтижесінде экономикалық аймақтар мен технопарктер түріндегі инновациялық инфрақұрылымдарды дамыту қазіргі кезде Қарағанды облысының дамуына үлесін қосады.

Кілт сөздер: инновация, бағдарлама, индустрия, кәсіпорын, жобалар, Қарағанды, облыс, география, қаржыландыру, бизнес.

Бүгінгі таңда Қазақстан дамыған 30 елдің қатарына кірудегі негізгі міндеттері өңірлердің элеуметтік-экономикалық дамуы болып отыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Қуатты Қазақстан бұл ең әуелі өңірлердің қуаттылығы болып саналады. Елдің болашағы экономикадағы келешегі зор салалардың дамуымен байланысты», — деген болатын. Қазақстан экономикасының тұрақты, қарқынды экономикалық өсуі үшін отандық өнеркәсіптік салалар мен өңірлер экономикасын дамыту қажеттілігі туындайды [1].

Қарағанды облысы — еліміздің ең бір ірі және маңызды өңірлерінің бірі. Қарағанды облысының экономикалық-географиялық жағдайының қолайлылығы, орталықта орналасуы, яғни барлық экономикалық аудандармен шектеседі, пайдалы қазба кендеріне жақын орналасқан, аумағы транзит жолының үстінде және көлік торабы жақсы дамыған. Тек нарықтық экономика жағдайында ғана оның өндірістік қуатын және табиғи байлықтарын толығымен қолдану, мамандандыру және кешендік тәсілдеме негізінде экономикалық байланыстарды оңтайлы дамытуға мүмкіндік туды. Сыртқы әлеммен байланыстарды кеңейте отырып, Қарағанды облысы Қазақстанның ең маңызды және болашағы зор ауданы болып жылдам қарқынмен дамуда.

Басқа облыстармен салыстырғанда Қарағанды облысында өндірістік кәсіпорындар көп болып отыр. Олардың ұстанымды жағдайы орташа дамыған салаларға — көмір өндірісі, тамақ, машина жасау өнеркәсібі және дайын бұйымдар шығару өнеркәсібіне байланысты болып отыр; облысты тек төмен қосымша құн өндіруші ғана емес, аймақты орта және жоғары технологиялық продукциялармен жабдықтаушы және кең көлемдегі қызмет көрсетуші (сауда-логистикалық, көлік-ақпараттық, қаржы және білім беру) тұрақты экономикалық жүйе болуына мүмкіндік береді.

Қазақстанның орталығында орналасқан облыс индустриясының көмір, металлургия, химия, энергетика, машина жасау және тағы басқа салалармен мамандануымен белгілі. Облыстың жер қойнауы әр түрлі пайдалы қазбаларға бай, оның ішінде көмір, темір, мыс, алтын, марганец, вольфрам кендері қоры жөнінен республикада алдыңғы орынды иеленеді. Осының бәрі — бұл өлкені Қазақстан Республикасының бай қоймасы деп есептеуге толық негіз бола алады. Жалпы алғанда, Қарағанды облысы сауда-экономикалық қарым-қатынас жасауға таптырмайтын аймақ. Республикамыздың ресурсы жеткілікті, ауыр өнеркәсіп салалары жақсы дамыған индустриалды аудан [2].

Қазіргі кезеңдегі және болашақтағы Қарағанды облысының даму бағыты мемлекетіміздің 2015 жылға дейінгі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасына байланысты. Дүние жүзі экономикасының дамуында үш модельді: инновациялық, технологиялық және шикізаттық бағыттарды атауға болады. Инновациялық даму моделі біліммен және ғылымның жаңа жетістіктеріне негізделеді (нау-хау) [3].

Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру — экономиканы жаңғыртудың басты бағыттаушысы екені мәлім. 2013 жылы Қарағанды облысында Үдемелі индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар нәтижесінде өнеркәсіп саласындағы дамудың оң ырғағы қалыптасты.

Нақтырақ айтсақ, есепті кезеңде өнеркәсіптік өнім көлемі 1 трлн 398 млрд теңгені құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 102,1% көрсеткішке жетті. Әсіресе кен өндіру, фармацевтикалық өндіріс, құрылыс индустриясы, металл құю және дайын металл өнімдерін жасау салалары бойынша өсім байқалады.

Сонымен қатар өнім көлемі индексінің орындалуы аймақтағы ірі және орта деңгейдегі кәсіпорындар өндірісіндегі ырғақты өсім және индустриаландыру картасына енген жобалардың толық жобалық қуатына енуі арқылы мүмкін болғаны нақтыланады. Осы орайда жаңа өндірістік жоба ұсынуға қауқарлы және өз жобаларын индустриаландыру картасына енгізуге ықтияр кәсіпкерлік саласының белсенділігі артқанын атап өтуге тиіспіз. Мәселен, жыл басында жалпы сомасы 407 млрд теңге болатын және 9,5 мың жаңа жұмыс орнын ашуға қауқарлы 66 жоба еліміздің индустриаландыру картасына енген болса, жыл соңында бұл көрсеткіш 80 жобаға жетті. Олардың жалпы құны — 500 млрд теңге құрап және 12,4 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туды. Өткен жылы осы жобалардың ішінен жалпы құны 5,8 млрд теңге болатын 10 жоба іске қосылып, 455 жаңа жұмыс орны ашылды. Сонымен бірге 2013 жылы өнеркәсіп секторында 1783 жаңа жұмыс орны ашылып, оның 885-і жаңа өндіріс орындарында тіркелді. Мұның өзі тек өндірістің ғана өркендегенін емес, өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындардың әлеуметтік жауапкершілігінің артып келе жатқандығын көрсетеді [4].

Облыс экономикасының тұрақты дамуында инвестициялық белсенділіктің тигізіп отырған ықпалы зор. Мәселен, негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 2013 жылы 403 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш — өткен жылмен салыстырғанда 118,2%-ға тең. Негізгі капиталды инвестициялық тұрғыдан қаржыландырудың негізгі көзі — кәсіпорындардың өз қаржысы (58%). Жалпы, индустриаландыру картасы арқылы 103 млрд 29 млн теңге сомасында қаржы құйылып, 2142 жаңа жұмыс орны ашылды. 31 инвестициялық жоба енгізілді. 1387 жаңа жұмыс орнын қамтамасыз еткен 24 жоба жүзеге асты. 2013 жылы 142 жаңа жұмыс орнын құра отырып, 4 инвестициялық жоба іске қосылды, оның ішінде индустриаландыру картасындағы 2 жоба бар. Экономиканың негізгі салаларында дамудың оң ырғағы көрініс тапқан. Мәселен, өнеркәсіптік өнім көлемі 330,8 млрд теңгені құраған. Бұл дегеніміз — өткен 2013 жылдың сәйкес мерзіміндегі көрсеткіштің 100,1 пайызын құрайды. Индустриаландыру картасы шеңберінде осы жылы құны 77 млрд теңге болатын 13 жобаны жүзеге асыру көзделген болатын. Жылдың соңына дейін қосымша 1693 жаңа жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Алғашқы үш айда өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларын әртараптандыру арқылы 578 жаңа жұмыс орнын ашу мүмкіндігі туды. Шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының өңір экономикасындағы үлесі артып келеді. Нақтылай айтсақ, 2014 жылдың 1 сәуіріндегі есеп бойынша экономиканың бұл секторындағы нысандар саны 63 778 бірлікті құрады. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес мерзіміндегі меженің 118,4 пайызын құрайды [5].

Облыста индустриалды-инновациялық өндірістік жобаларын құру көзделуде. Мәселен, «Бизнес-тің жол картасы — 2020» бағдарламасы шеңберінде іске асырылуға тиісті «Плазмалық кесу жабдықтарын сатып алу» жобасы негізінде 42 млн 249 мың 480 теңге көлеміндегі өндірісті өлкемізге қажетті заманауи үлгідегі түрлі крандарды жасау сапасын арттыру көзделіп отыр. Өндірісті әртараптандыруға, өнімді әзірлеу мерзімін едәуір қысқарту мен өнімнің өзіндік құнын төмендетуге де мүмкіндік берілмек. Сонымен қатар 2 жаңа жұмыс орны ашылып, жыл сайын бюджетке 77,1 млн теңге салық түсетін болады. Екінші жоба — экологиялық жоба. Қолданылған автошиналарды қайта кәдеге жаратуды жолға қойған бұл зауытта қоршаған ортаны ластайтын автокөліктердің ескі дөңгелектерінің тыстарын резиналық ұнтаққа айналдыратын технология негізінде жұмыс жасау көзделген. Облыс орталығындағы автомобиль жөндеу кешенінің ғимаратын салу жобасы құрылуда. Оның жалпы құны 87,14 млн теңгені құрайды. Осыған сәйкес, мамандардың айтуынша, қосымша 24 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік тудырады.

Моноқалаларды дамыту бағдарламасы бойынша жүзеге асырылып жатқан жобалар мен өндірістік инфрақұрылымды өркендету мәселелері қарастырылуда. Нақтырақ айтқанда, оның ішінде Шахтинск қаласында автокөлікке техникалық қызмет көрсету стансасының жылжымайтын мүлігін сатып алу мен автосервис құрылысының жобалары бар [6].

Бүгінгі күні Қазақстанда мемлекеттік экономикалық саясатты іске асыру барысында техникалық инновацияның маңызына баса назар аударылады. Арнайы экономикалық аймақтар және технопарктер түріндегі инновациялық инфрақұрылымды дамыту бойынша бірқатар шаралар жүзеге асырылып, Қарағанды облысында да ұлттық жоба шеңберіндегі инновациялық бағдарламаларды қаржыландыру бойынша ғылым және білім беру мекемелерінің арасында конкурстар өткізілуде. Осыған сәйкес ғылыми-техникалық парктермен өндірістік қызметтер нәтижелеріне деген құқықтарды

реттеу саласындағы құқықтық қалыптарды өзгерту әрекеттері де жасалып жатыр. Бірақ бұл шаралардың барлығы үзінді түрінде жасалынып, аймақтардағы қалыптасқан инновациялық әрекеттегі үрдістер өз шешімін табуда. Инновациялық іс-әрекеттерді қолдау және ынталандыру саласындағы үйлестірілген мемлекеттік аймақтық саясатты отандық ғылыми және білім беру мекемелерінің, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ғылымды қажет ететін шағын компаниялардың қазіргі кездегі бар ресурстық әлеуетіне сүйене отырып, іске асыру қажет [7]. Нақтырақ айтқанда, біздің көзқарасымыз бойынша, облыс әкімдігінің «Қарағанды облысында 2020 жылға дейінгі инновациялық іс-әрекетті дамыту» мақсаттық бағдарламасы әзірленіп, бірқатар жұмыстар атқарылуда. Қорытындылай келе, Қарағанды облысының инновациялық даму мәселелеріне мынандай ұсыныстар мен тұжырымдар жасауға болады:

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасына сәйкес аймақта инновациялық даму мәселелерін жетілдіру.

2. Аймақтың инновациялық дамудың басқару жүйесін, яғни Қарағанды облысында инновациялық іс-әрекетті қаржыландыру құрылымдары мен құралдарын, жетілдіру.

3. Индустриалды-инновациялық бағдарламаны іске асырудың басты мәселелерінің бірі — отандық ғылым жүйесін өндіріспен тікелей байланысын дамыту. Осындай фактілер орта және шағын бизнестің инновациялық белсенділігін арттыруға мүмкіндік тудырады деп есептейміз.

Қарағанды облысы салыстырмалы түрде жас болғанымен, еліміздің экономикасына қосқан үлесі зор. Қойнауы кеңге, өңірі ырыс-берекеге, тарихы шежіреге толы кенді өлкенің өткені жер асты қазба байлығындай қатар-қатар екені анық. Баға жетпес байлықты халық игілігіне жарату жолында ынтымақтаса жұмыс атқарып, алдағы мақсаттарды бастан өткеріп, жеңе білген қарағандылықтардың өмір жолы өткен уақыт жылнамасынан алатын орны ерекше. Содан бері қол жеткізген атақ-даңқына қылау түсірмей, қайта жетістігін еселей түскен облысымыздың орталығы еліміздің саяси әрі экономикалық тірегіне айналып, тәуелсіз еліміздің тұғырының берік, еңсесінің биіктей түсуіне сүбелі үлес қосып келеді.

Облыстық мақсаттық бағдарлама негізінде ғылымды молынан қажет ететін технологияларды өндіріске жылдамдатып енгізу мен коммерцияландыруда облыс экономикасының дамуын кезең-кезең бойынша инновациялық даму жолына өтуіне мүмкіндіктер туғызып экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық қызметтерді жеделдетуді жақсарту қажет. Бағдарламада өндірістік-технологиялық, ақпараттық және қаржылық құрамдас бөліктерден тұратын инновациялық инфрақұрылымды құрып, дамыту бойынша шаралар жиынтығы қарастырылуы керек. Сондықтан облыстың ғылыми қорының жұмысын жетілдіріп, ғылыми-инновациялық, ғылыми-технологиялық, ғылыми-ақпараттық бағытқа қарай жұмыс істеуді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан–2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті — Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы. — 2012. — 14 желт.
- 2 Мақсұтова П.А., Бекетаева Қ.Т., Канафин Ж.А., Қадырбаева Д.А. Қарағанды облысының физикалық географиясы: Оқу құралы. — Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2006. — 48 б.
- 3 Қожахмет М. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. — 480 б.
- 4 Әбдішов Б.Т. Жарқын болашаққа жүйелі жұмыспен // Орталық Қазақстан: Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті. — 2014. — 18 ақп. — № 33(21667). — 1, 2-б.
- 5 Аманқұлов Қ. Үдемелі дамуға үлкен кадам // Орталық Қазақстан: Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті. — 2014. — 30 қаңт. — № 17–18(21652). — 2-б.
- 6 Айтжанова Қ. Инновациялық жобалар — басты назарда // Орталық Қазақстан: Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті. — 2014. — 20 наур. — № 53–54(21688). — 2-б.
- 7 Әлімбаев Ә., Жайлауов Е. Аймақтық инновациялық дамуының негіздері туралы // Орталық Қазақстан: Қоғамдық-саяси газеті. — 2014. — 4 мамыр. — № 80(21714). — 4–5-б.

С.М.Досмахов, А.Укай

Новые возможности в реализации индустриально-инновационной программы в Карагандинской области

В статье рассмотрены актуальные вопросы, касающиеся новой программы инновационно-индустриального развития в нашей стране, развития инновационной инфраструктуры. Отмечено, что современные проблемы развития и финансирования отдельных предприятий малого и среднего бизнеса актуальны в наши дни. Определено, что производство различных видов продукции в ряде экономических зон и технопарков, развитие промышленности Карагандинской области будут способствовать развитию региона и в области в целом.

S.M.Dosmakhov, A.Ukay

New features in the implementation of industrial innovation program in the Karaganda region

Relevance is that in this article in accordance with the new program innovation and industrial development in our country will address the development of innovation infrastructure. Modern problems of development and financing of individual enterprise SME relevant today. As a result, the production of various types of products in the form of economic zones and industrial parks, industrial development Karaganda region will contribute to the development of the region and in the region as a whole.

References

- 1 «Kazakhstan–2050» Strategy. *New directions formed state. Address to the People of Kazakhstan leader of the nation N.A.Nazarbaev*, 2012, December, 14.
- 2 Maksutova P.A., Beketaeva K.T., Kanafin Zh.A., Kadyrbaeva D.A. *Physical geography of the Karaganda region: Textbook*, Karaganda: Sanat-Poligrafiya, 2006, 48 p.
- 3 Kozhakhmet M. *Economic and social geography of Kazakhstan*, Karaganda: KarSU Publ., 2006, 480 p.
- 4 Abdishov B.T. *Central Kazakhstan: Socio-political newspaper of Karaganda region*, 2014, February, 18, 33(21667), 1–2 p.
- 5 Amankulov K. *Central Kazakhstan: Socio-political newspaper of Karaganda region*, 2014, January, 30, 17–18(21652), 2 p.
- 6 Aitzhanova K. *Central Kazakhstan: Socio-political newspaper of Karaganda region*, 2014, March, 20, 53–54(21688), 2 p.
- 7 Alimbaev A., Zhailauov Ye. *Central Kazakhstan: Socio-political newspaper of Karaganda region*, 2014, May, 4, 80(21714), 4–5 p.